

ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРА

СІЗДІҢ ӘРЕКЕТІҢІЗ:

1. Баланың температурасын өлшеңіз. Бала қолтығының астына градусник қойыңыз, баланың қолын кеудесіне қойып, 4-5 минут өтпейінше ұстап тұрыңыз.
2. Баланы үстіне, көрпе жаппай төсекке немесе диванға жатқызыңыз. Балаға көбірек су және ішуге арналған сұйықтық беріңіз.

Егер баланың температурасы $37,5^{\circ}\text{C}$ жоғары көтерілсе, дереу медицина қызметкеріне жүгініңіз!

КӨЗДЕГІ БӨТЕН ЗАТ

СІЗДІҢ ӘРЕКЕТІҢІЗ:

1. Жарыққа бетін қаратып, баланы отырғызыңыз. Оның қабағын саусақтарыңызбен созыңыз. Оңға, солға, жоғары және төмен қарауын сұраңыз. Бүкіл көзін қарап шығыңыз.
2. Баланың басын артқа қарай шалқайтып, құмырадан жылғалатып ағызған сумен көзін жуыңыз, бүкіл көзді жуып шығатындай етіп, жылғаны көздің ішкі бұрышына қарай бағыттаңыз. Бөтен затты ылғалды мақта тампонымен немесе ылғалды бет орамалдың ұшымен алып тастауға болады.
3. Егер бөтен зат жоғарғы қабақтың астында болса, қабақты жоғары көтеріп, төменгісін созу қажет. Сәбиге бұл емшараны өзіңіз жасаңыз, ол сізге кедергі жасамас үшін алдын ала оны орап алыңыз.
4. Егер көздің қызарғаны кетпесе және ауырғаны басылмаса, дереу медицина қызметкеріне жүгініңіз!

ЕГЕР БӨТЕН ЗАТТЫ АЛЫП ТАСТАЙ АЛМАСАҢЫЗ:

Бөтен затқа қол тигізбеңіз және ол көзде толығымен тұрып қалса, оны алуға талпынбаңыз. Жұмсақ матадан жасалған жастықшамен көзді жабыңыз және жеңіл-желпі қыспа таңғышпен байлаңыз. Содан кейін сау көздің қимылы зақымдалған көздің қимылын жасатпауы үшін екі көзді таңғышпен жабыңыз. Баланы жұбатыңыз және дереу медицина қызметкеріне жүгініңіз!

ҚҰЛАҚТАҒЫ БӨТЕН ЗАТ

СІЗДІҢ ӘРЕКЕТІҢІЗ:

- Балалар құлағына әртүрлі заттарды тығуға құмар. Қатты зат құлақта тұрып қалуы мүмкін және ауыртады да есту қабілетін бұзады, дыбысжарғақтың зақымдалуы әбден мүмкін.
1. Құлақта тұрып қалған затты алып тастауға талпынбаңыз.
 2. Баланы жұбатыңыз да одан құлағына не тыққанын біліңіз.
 3. Тұрып қалған затты, оны көріп тұрсаңыз да құлақтан алып тастамаңыз.
 4. Дерек медицина қызметкеріне жүгініңіз!

ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРА КЕЗІНДЕ ҚҰРЫСУ

СІЗДІҢ ӘРЕКЕТІҢІЗ:

1. Баладан киімді шешіңіз. Бөлмедегі ауа таза болғанын байқаңыз, бірақ өте салқын болмау керек.
2. Жарақаттан баланы сақтау үшін оны қауіпсіз жерге жатқызыңыз. Оны басынан аяғына дейін жылы суға малынған губкамен ысқылаңыз. Қараңыз, бала тоңып қалмасын.
3. Денені салқындату құрысуды тоқтатады. Баланы жамбасына қаратыңыз, оның басын артқа жылжытыңыз. Жұқа көрпемен немесе төсек жабындысымен жабыңыз. Тыныштандырыңыз. Егер температура қайтадан көтерілсе, оны губкамен тағы да ысқылаңыз.
4. Дерек медициналық көмекке жүгініңіз!

ҚҰСУ

СІЗДІҢ ӘРЕКЕТІҢІЗ:

1. Баланың басын шылапшынның немесе табақшаның үстіне қарай еңкейтіңіз. Құсқан кезде сәбидің кеудесін қолыңызбен ұстаңыз. Сәбидің көңілін сергітіп тұрыңыз.
2. Құсық тоқтаған кезде, баланың бетін жылы суға малынған губкамен немесе орамалмен ысқылаңыз.
3. Балаға су беріңіз, бұл ауыздағы жағымсыз дәмді жояды және жоғалған сұйықтықты толтырады. Суды мүмкіндігінше ақырын, кішкентай жұтыммен ішу қажет.
4. Баланы төсекке жатқызыңыз. Құсудың қайталанбалы ұстамасы бола қалған жағдайға жанына суы бар сапты аяқты және шылапшынды қойыңыз.

Бірнеше рет құсқанда және іші өткенде сәбидің ағзасында сусыздандыру болуы мүмкін. Оған салқын қайнаған суды ішуге беріңіз. Егер сіздің сәбиіңіз емізулі болса, оны емшек сүтімен тамақтандыруды жалғастыра беріңіз. Тұрақты құсық болғанда тұз ерітіндісімен емдеу қажет болуы мүмкін. Дерек медицина қызметкеріне жүгініңіз!

МҰРЫН ҚАНАУ

СІЗДІҢ ӘРЕКЕТІҢІЗ:

1. Баланы отырғызыңыз, оның басын алға қисайтыңыз және аузымен дем алуын сұраңыз. Содан кейін 10 минутқа баланың танауын қысыңыз.
2. Баланы аузындағы бар сұйықтықты түкіріп тастауын сұраңыз. Егер қан ағып жатса, мұрынды тағы да 10 минутқа қысыңыз. Егер бұдан кейін де қанның аққаны тоқтамаса, мұрынды тағы да 10 минутқа қысыңыз.
3. Қанның ағуы тыйылғанда, баланың бетін жылы сумен мақта тампонымен жуыңыз. Содан кейін баланы дем алуға жатқызыңыз. Жуық арада баланың сіңбірмегенін және мұрнын шұқымағанын байқаңыз.
4. Егер қанның ағуы 30 минуттан аса жалғасатын болса, дерек медицина қызметкеріне жүгініңіз!

**Баланың қауіпсіздігі –
Сіздің қолыңызда!**



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ПРОБЛЕМ ФОРМИРОВАНИЯ
ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ



**ЭТО ДОЛЖНЫ
ЗНАТЬ РОДИТЕЛИ!**

ВЫСОКАЯ ТЕМПЕРАТУРА

ВАШИ ДЕЙСТВИЯ:

1. Измерьте температуру ребенка. Вложите под мышку ребенку градусник, прижмите руку ребенка к груди и придержите, пока не пройдет 4-5 минут.
2. Уложите ребенка на кровать или диван, не укрывая одеялом. Давайте ребенку больше воды, жидкостей для питья.

Если у ребенка поднялась температура выше 37,5°С немедленно обратитесь к медицинскому работнику!

ИНОРОДНОЕ ТЕЛО В ГЛАЗУ

ВАШИ ДЕЙСТВИЯ:

1. Усадите ребенка лицом к свету. Раздвиньте пальцами его веки. Попросите посмотреть направо, налево, вверх и вниз. Осмотрите весь глаз.
2. Промойте глаз струей воды из кувшина, запрокинув ребенку голову, направьте струю во внутренний угол глаза, так чтобы она омывала весь глаз. Можно удалить инородное тело и влажным ватным тампоном или уголком влажного носового платка.
3. Если инородное тело находится под верхним веком, необходимо поднять веко и натянуть на нижнее. Малышу сделайте эту процедуру сами, а чтобы он не мешал вам, предварительно заверните его.
4. Если краснота и боль в глазу не исчезли, обратитесь к медицинскому работнику!

ЕСЛИ ИНОРОДНОЕ ТЕЛО УДАЛИТЬ НЕ УДАЛОСЬ:

НЕ затрагивайте до инородного тела и не пытайтесь извлечь его, если оно прочно застряло в глазу. Закройте глаз подушечкой из мягкой ткани и завяжите слегка давящей повязкой. Затем, чтобы движения здорового глаза не вызывали движений поврежденного, закройте повязкой оба глаза. Успокойте ребенка и немедленно обратитесь к медицинскому работнику!

СУДОРОГИ ПРИ ВЫСОКОЙ ТЕМПЕРАТУРЕ

ВАШИ ДЕЙСТВИЯ:

1. Снимите с ребенка одежду. Проследите, чтобы воздух в комнате был свежим, но не слишком прохладным.
2. Чтобы уберечь ребенка от травм, уложите его в безопасное место. Оботрите его от головы к ногам губкой, смоченной теплой водой. Следите, чтобы ребенок не замерз.

3. Охлаждение тела прекращает судороги. Поверните ребенка на бок и отведите ему голову назад. Укройте тонким одеялом или простыней. Успокойте. Если температура поднимается снова, еще раз оботрите его губкой.
4. Немедленно обратитесь за медицинской помощью!

РВОТА

ВАШИ ДЕЙСТВИЯ:

1. Наклоните голову ребенка над тазиком или миской. Во время рвоты поддерживайте грудь ребенка рукой. Подбадривайте малыша.
2. Когда рвота прекратится, оботрите ребенку лицо губкой или салфеткой, смоченной теплой водой.
3. Дайте ребенку воды, это устранил неприятный привкус во рту и восполнит потерю жидкости. Пить воду желательно медленно, мелкими глотками
4. Уложите ребенка в постель. Рядом поставьте кружку с водой и тазик на случай повторных приступов рвоты.

При многократной рвоте и поносе у малыша возможно обезвоживание. Давайте ему пить прохладную кипяченую воду. Если ваш малыш находится на грудном вскармливании, продолжайте кормить его грудным молоком. При стойкой рвоте может потребоваться лечение солевыми растворами. Немедленно обратитесь к медицинскому работнику!

НОСОВОЕ КРОВОТЕЧЕНИЕ

ВАШИ ДЕЙСТВИЯ:

1. Усадите ребенка, наклоните его голову вперед и попросите дышать через рот. Затем минут на 10 зажмите ребенку ноздри.
2. Попросите ребенка выплюнуть изо рта все содержимое. Если кровь продолжает течь, зажмите нос еще на 10 мин. Если и после этого кровотечение не остановилось, сжимайте нос еще 10 мин.
3. Когда кровотечение прекратится, обмойте ребенку лицо ватным тампоном с теплой водой. Затем уложите ребенка отдохнуть. Следите, чтобы если в ближайшие часы ребенок не сморкался и не ковырялся в носу.
4. Если кровотечение продолжается более 30 минут, немедленно обратитесь к медицинскому работнику!

**Безопасность ребенка –
в Ваших руках!**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**АТА-АНАЛАР
БІЛУІ ТИІС!**